



№176 ОРТА МЕКТЕБІ

**ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА,
ИНФОРМАТИКА
ПӘН БІРЛЕСТІГІ**



№176 орта мектебі бойынша 2-13 ақпан аралығындағы «Математика, физика, информатика пәндеріндегі функционалдық сауаттылықты арттырудағы цифрлық технология мен жасанды интеллект» тақырыбындағы математика, физика, информатика апталығының онкүндігінде өткізілген іс-шара есебі



Бірлестік жетекшісі: Бименова Асель Зинабдинқызы



2025-2026 оқу жылы

№176 орта мектебі бойынша 2-13 ақпан аралығындағы «Математика, физика, информатика пәндеріндегі функционалдық сауаттылықты арттырудағы цифрлық технология мен жасанды интеллект» тақырыбындағы математика, физика, информатика апталығының іс-шара жоспары

№	Жүргізілген жұмыстар (анықтамасы, фото есебі)	Өткізілу мерзімі	Жауапты орындаушы
1	<p>Апталықтың ашылуы. Апталықтың онкүндігі барысында жоспарға сәйкес ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралардың жоспары таныстырылды. Апталықтың ашылуы азаңғы ауысымдағы 8–11 сынып оқушылары және түскі ауысымдағы 5–7 сынып оқушылары арасында өткізілді. Физика, математика және информатика апталығы аясында оқушылардың пәндерге деген қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі танымдық әрі қызықты ойындар ұйымдастырылды. Апталық барысында зияткерлік сайыстар, логикалық тапсырмалар, тәжірибелік ойындар мен шығармашылық байқаулар өткізіліп, оқушылар белсенділік танытты.</p> <div data-bbox="173 859 653 1506"> </div> <div data-bbox="669 859 1109 1521"> </div> <div data-bbox="1126 859 1532 1521"> </div> <div data-bbox="1549 859 1989 1521"> </div> <div data-bbox="2005 859 2425 1521"> </div>	2 ақпан 2026 ж 3-сабақ	Пән мұғалімдері
2	<p>2 ақпан күні «Математика, физика, информатика пәндерінің ашық сабақтар апталығы» аясында 10 «А» сыныбында Жанабіл Мейіржанның «Функцияның нүктедегі шегі» тақырыбында алгебра пәнінен ашық сабағы өткізілді. Сабақтың негізгі мақсаты — оқушыларға функцияның нүктедегі шегінің анықтамасын меңгерту және оны есептеу дағдыларын қалыптастыру.</p>	2 ақпан 2026 ж 1-сабақ	Жанабіл М


№	Жүргізілген жұмыстар (анықтамасы, фото есебі)	Өткізілу мерзімі	Жауапты орындаушы
2	<p>Сабақ барысында заманауи технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктері тиімді пайдаланылды:</p> <p>DeepSeek ЖИ: Сабақтың басында оқушыларды психологиялық дайындықтан өткізіп, үш топқа бөлу үшін қолданылды.</p> <p>Gemini ЖИ: Жұптық жұмыс кезінде оқушылардың деңгейіне сай келетін «Сәйкестендіру» тапсырмаларын құрастыру үшін пайдаланылды.</p> <p>Wordwall платформасы: Өткен тақырыпты қайталау және «Көпмүшенің стандарт түрі», «Безу теоремасы» сияқты сұрақтарға жауап беру кезінде интерактивті ойын түрінде қолданылды.</p> <p>ДК экран және Слайдтар: Үй жұмысын «Үлгі бойынша тексеру» әдісімен бағалау және жаңа сабақты түсіндіру кезінде негізгі көрнекі құрал болды. Сабақ барысында «Жасампаздық» және «Жаңашылдық» құндылықтары көрініс тауып, оқушылар жаңа тәсілдер арқылы күрделі математикалық ұғымдарды еркін меңгергенін көрсетті.</p> <p>Сабақтың әлеуметтік желідегі сілтемесі: https://www.facebook.com/share/r/1Db5SG5azq/</p>		Жанабіл М
3	<p>Информатика пәнінің мұғалімі Абжанова Аида Муратовнаның 2026 жылдың ақпан айының 3 күні «Мәліметтер типтері» тақырыбындағы 6 «Б» сыныбында ашық сабақ өткізді. “Типтер әуежайы” әдісі арқылы, топтарға бөлуді ұйымдастырды. Жаңа сабақты ашу үшін “Пазл” әдісін қолданды. 2 топ пазл құрастыру арқылы бүгінгі сабақтың тақырыбын ашады. Бейнежазба арқылы жаңа сабақ түсіндіреді. Оқушылар Python программасы арқылы жол типі бойынша «Сәлем Python» сөзін экранға кері және белгілі бір әріпте қайталау программасын құрып үйренеді.</p>	3 ақпан 2026 ж 1-сабақ II- ауысым	Абжанова А



№	Жүргізілген жұмыстар (анықтамасы, фото есебі)	Өткізілу мерзімі	Жауапты орындаушы
3	<p>Сабақты бекіту Lumio платформасы арқылы “Жұбын тап” ойыны арқылы сұрап оқушыларды бағалап, оқушылардан ЖИ көмегімен кері байланыс.</p> <p>“ТҮСІНДІМ” “СҰРАҒЫМ БАР?” “ҚИЫНДЫҚ КЕЛТІРДІ” арқылы сұрап, ойларын талқылайды.</p>    		Абжанова А
4	<p>3 ақпан күні «Математика, физика, информатика пәндерінің ашық сабақтар апталығы» аясында 8 «Б» сыныбында Бименова Аселдің «Кірістірілген функция» тақырыбында информатика пәнінен ашық сабағы өткізілді. Сабақтың негізгі мақсаты — оқушыларға электронды кестені қолдана отырып математикалық есептерді шешуде кірістірілген функцияларды компьютер арқылы қолдануды үйренеді. Оқушыларға «Excel көңіл күйі» әдісі арқылы сыныпта жақсы көңіл күй мен ынтымақтастық атмосфера қалыптастырылды. Үй тапсырмасын сұрау және білімдерін жаңғырту мақсатында genially платформасында пазл арқылы сұрақтарға жауап беру арқылы сұралды. Топқа біріктіру үшін «Мотивациялық сөздер» таңдау арқылы топқа бөлінеді және де топ басшысы сайланады. Топтық жұмыс «Тарсия» әдісі арқылы сұрақтарға жауап береді. Жұптық және жеке жұмыстар барысында оқушылар компьютерде берілген тапсырмаларды орындады. Сабақ бойы олар жұптасып және топтасып жұмыс істеп, жауапкершілік, ынтымақтастық сияқты құндылықтарды қалыптастырды. «Waiground» платформасында сұраққа жауап береді. Кері байланыс “ЖИ” әдісі арқылы кері байланыс береді және оқушыларды class dojo арқылы бағалайды.</p>	3 ақпан 2026 ж 5-сабақ I-ауысым	Бименова А

№	Жүргізілген жұмыстар (анықтамасы, фото есебі)	Өткізілу мерзімі	Жауапты орындаушы
---	---	------------------	-------------------

4



VEO3, Gemini AI сияқты жасанды интеллекттер де қолданылды.



Бименова А


5

Информатика пәнінің мұғалімі Әшімова Гүлбану Бекетқызының 2026 жылдың ақпан айының 2 күні «Практикум. Тармақталу алгоритмдерін программалау» тақырыбындағы 7 «Ә» сыныбында ашық сабақ өткізді. **Сабақтың мақсаты:** Python программалау тілінде тармақталған алгоритмдерді жазады. **Құндылықтарды дарыту:** Оқушыларды цифрлық ортада заң мен тәртіпті сақтауға, академиялық адалдыққа, бағдарламалық құралдарды жауапкершілікпен және заңды түрде қолдануға тәрбиелеу. “Заң мен тәртіп” құндылықтары туралы мультфильм көру арқылы психологиялық ахуал орнатады. Онлайн Qazmath платформасы арқылы топқа бөлініп, жұптық және топтық тапсырмаларында А, В, С деңгейлерінің есептерін PYTHON программалау тілінде шығарып бағаланып отырады. «Топтық жұмыс» Жи бейнеролигі арқылы тапсырма беріледі. Топтық, жұптық, жеке жұмыстарды оқушылар өз деңгейінде орындады. Белсенді әдіс-тәсілдер (ойын элементтері, АКТ құралдары) тарсия әдісі тиімді қолданылды.

2 ақпан 2026 ж
II ауысым 1-сабақ

Әшімова Г



№	Жүргізілген жұмыстар (анықтамасы, фото есебі)	Өткізілу мерзімі	Жауапты орындаушы
6	<p>Физика және математика пәнінің мұғалімі Уристемова Ульбике Турсынбаевнаның 2026 жылдың ақпан айының 5 күні «Ондық бөлшектерді қосу және азайту» тақырыбындағы 5 «А» сыныбында ашық сабағы өтілді. Сабақтың мақсаты: Ондық бөлшектерді қосу және азайтуды орындайды. Ұйымдастыру кезеңі.</p> <p>«Миға шабуыл» әдісі арқылы үйге берілген тапсырма талдау кезінде бос орындарды толтырады және сұрақтарға жауап береді. Оқулықпен жұмыс барысында «Түртіп алу» әдісі арқылы оқушылар тақырыптың маңызды тұстарын белгілеп алады. «Гексагон» әдісі арқылы ондық бөлшектерді қосу және азайтуды орындап, оқушылар дескриптор арқылы өздерін бағалап отырады. Жеке жұмыс: ҚБ-ға арналған тапсырмада тақырып бойынша 7 минут ішінде 10 тест есептерін wauground ойыны арқылы шығарады. Ойлан, жұптас, пікірлес» әдісі арқылы №1,2 тапсырмаларды жұптаса отырып шығарады. Кері байланыс: «Идеялар себеті» оқушылар сабақтан алған әсерлерін , идеяларын стикерлерге жазып,себетке салады.</p>	5 ақпан 2026 ж II ауысым	Уристемова У
			
7	<p>Математика пәнінің мұғалімі Әли Мейірімкүл Оспанқызының 2026 жылдың ақпан айының 4 күні «Сан аралықтары. Сан аралығының қиылысуы мен бірігуі» тақырыбындағы 6 «А» сыныбында ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: Сан аралықтардың бірігуін және қиылысуын табады. I. Ұйымдастыру кезеңі</p>	4 ақпан 2026 ж	Әли М

№	Жүргізілген жұмыстар (анықтамасы, фото есебі)	Өткізілу мерзімі	Жауапты орындаушы
---	---	------------------	-------------------

6

«Сиқырлы кітаптар» әдісімен топқа бөлу, ынтымақтастық ахуал туғызу. «Принтер» әдісімен үй жұмысын тексеру. Оқушылар «Абай атамыздың батасы» арқылы жақсы көңіл-күй сыйлайды, үй тапсырмасын экран арқылы тексереді.

II. Жаңа сабақ (Пазл әдісі)
 Сан аралығының түрлерін (интервал, кесінді, сәуле) түсіндіру және мысалдар келтіру.

III. Тәжірибелік жұмыс (Топтық жұмыс) Сан аралықтарының бірігуі мен қиылысуын табуға арналған тапсырмалар беру.
 Гексагон әдісі
 Функционалдық сауаттылыққа бағытталған тапсырма Өмірлік жағдаят
 Топтық тапсырма «КАХУТ» ОЙЫНЫ
<https://create.kahoot.it/details/55855f9c-5d58-40a3-b3e5-af6ace54ac63>

IV. Қорытынды және кері байланыс. Сабақ мақсатына жету деңгейін анықтау.
 “WORDWALL” платформасы арқылы сабақты қорытындылайды, дескрипторлар арқылы өзін-өзі бағалау жүзеге асырылды.





7

Информатика пәнінің мұғалімі Каратаева Айгерим Жантйлеуовнаның 2026 жылдың ақпан айының 4 күні «Мәліметтер типтерін жіктеу» тақырыбындағы ашық сабағы 6 «А» сыныбында өтті. «Ол кім?» стратегиясы арқылы жағымды орта қалыптастырды. Оқу мақсатын таныстырды. Топқа бөлді. Жаңа тақырыпты болжау үшін сабақ басында мұғалім алдыңғы сабақ жайлы сұрақтар қояды. Деректер типтерін анықтады. Постер жасап, қорғады. Жаңа сабақ жасанды интеллектпен жасалған кітапшамен танысу <https://gemini.google.com/share/6fbf303dfd64> . Жұптық жұмыста пазл арқылы ұғымдарды сәйкестендіру тапсырмасын берді. Оқушыларға деңгейлік тапсырмалар берді. Қалыптастырушы бағалау жүргізді.

4 ақпан
 2026 ж
 II ауысым

Қаратаева А




№	Жүргізілген жұмыстар (анықтамасы, фото есебі)	Өткізілу мерзімі	Жауапты орындаушы
7			Қаратаева А
8	<p>Физика пәнінің мұғалімі Жұмаш Гүлназымның 7 «А» сыныбында «Тығыздықты есептеу» тақырыбындағы ашық сабағы өтілді. Сабақтың мақсаты-тығыздықтың формуласын білу және оны есептер шығаруда қолдануды үйрету.</p> <p>I. Ұйымдастыру кезеңі «Тығыздық түрлері» әдісімен топқа бөлу. Wordwall платформасы арқылы үй тапсырмасын тексерді. Стикерлер арқылы топтарға бөлінеді, платформада ойын түріндегі тапсырмаларды орындайды.</p> <p>II. Жаңа сабақ және топтық жұмыс. Phet симуляциясын қолданып тақырыпты зерттейді, комикстегі тапсырмаларды орындайды.</p> <p>III. Тәжірибелік жұмыс (Жұптық жұмыс). «Түртіп алу» әдісі және функционалдық сауаттылыққа бағытталған есептер береді.</p> <p>IV. Қорытынды және кері байланыс. Wauground платформасында жеке жұмыс ұйымдастыру және «Мензурка» әдісімен рефлексия жасау. Тест тапсырып, өздерін бағалайды. Стикерлерге өз идеяларын жазып, мензуркаға салады.</p> 	6 ақпан 2026 ж II ауысым	Жұмаш Г

№	Жүргізілген жұмыстар (анықтамасы, фото есебі)	Өткізілу мерзімі	Жауапты орындаушы
9	<p>Алгебра пәнінің мұғалімі Алмағанбетова Айсулудың 11 «А» сыныбында «Комбинаторика элементтері және оларды оқиғалардың ықтималдықтарын табуда қолдану» тақырыбындағы ашық сабағы өтілді.</p> <p>✦ Ұйымдастыру кезеңінде Canva платформасы арқылы дайындалған визуалды слайдтар мен сабақтың жоспары көрсетілді. Kahoot платформасы арқылы жылдам сұрақ-жауап ұйымдастырылып, оқушылардың көңіл күйі мен дайындық деңгейі анықталды.</p> <p>✦ Жаңа сабақты түсіндіру кезеңінде ChatGPT жасанды интеллекті арқылы комбинаторика тақырыбына байланысты өмірмен байланысты мысалдар мен түсіндірмелер дайындалды. GeoGebra онлайн математикалық платформалары арқылы формулалардың қолданылуы көрнекі түрде көрсетілді. YouTube AI ұсыныстары арқылы қысқа түсіндірме бейнематериалдар қолданылып, теориялық білім бекітілді.</p> <p>✦ Бекіту тапсырмалары кезеңінде LearningApps интерактивті тапсырмалары арқылы алмастыру, орналастыру, теру формулаларын сәйкестендіру жұмыстары жүргізілді. Сабақта «Ойлан. Жұптас. Бөліс», «Кім жылдам» әдістері қолданылып, оқушылардың белсенділігі арттырылған. Бағалау критерийлері мен дескрипторлар нақты берілген. Қалыптастырушы бағалау ауызша мадақтау және балдық жүйе арқылы жүргізіледі.</p>	6 ақпан 2026 ж I ауысым	Алмағанбетова А



№	Жүргізілген жұмыстар (анықтамасы, фото есебі)	Өткізілу мерзімі	Жауапты орындаушы
10	<p>Алгебра пәні бойынша Байманов Алмас мұғалімнің 6 «В» сыныбында «Числовые неравенства и их свойства» тақырыбында ашық сабағы өткізілді. Сабақ барысында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру және цифрлық құзыреттіліктерін дамыту мақсатында әр кезеңде заманауи жасанды интеллект құралдары мен онлайн платформалар тиімді пайдаланылды. Сабақтың мақсаты - дұрыс сандық теңсіздіктердің қасиеттерін білу және қолдану. Теңсіздіктерді қосу, азайту, көбейту және бөлу амалдарын түсіну және қолдану</p> <p>Ұйымдастыру кезеңінде үй тапсырмасын тексерілді. Blooket платформалары арқылы өткен тақырып бойынша ойын-түріндегі қайталау жүргізілді.</p> <p>Сабақтың ортасы</p> <p>Сандық теңсіздік ұғымын түсіндірді, дұрыс және бұрыс теңсіздік мысалдарын қарастырды. Қатаң және қатаң емес теңсіздіктер, сандарды салыстыру ережелері мен теңсіздіктердің негізгі қасиеттерін түсіндірді</p> <p>👉 Liveworksheets платформалары арқылы топтық тапсырмалар орындалды.</p>	5 ақпан 2026 ж I ауысым, 2-сабақ	Байманов А



№	Жүргізілген жұмыстар (анықтамасы, фото есебі)	Өткізілу мерзімі	Жауапты орындаушы
11	<p>Информатика пәнінің мұғалімі Махашева Асем 2026 жылдың ақпан айының 2 күні «For циклі» тақырыбындағы ашық сабағы 8 «Ә» сыныбында өтті. «Блокнот» әдісі арқылы жағымды психологиялық ахуал қалыптастырды. Оқу мақсатын таныстырды. Оқушыларды топқа бөлді. Сабақ басында алдыңғы тақырып бойынша сұрақтар қойып, білімдерін еске түсірді. Жаңа тақырыпты ашу мақсатында сурет және бейнематериалдар қолданылды. Жасанды интеллект көмегімен жасалған бейнеролик арқылы тақырыпты түсіндірді. Оқушылар Python тіліндегі деректер мен цикл ұғымдарын анықтап, топтық жұмыста тапсырмалар орындап, постер жасап қорғады. Жұптық жұмыста Python программасының элементтерін талдап, өзара талқылады. Жеке жұмыс барысында деңгейлік тапсырмалар орындалды. Сабақ барысында ChatGPT және Flow платформалары арқылы дайындалған материалдар қолданылды. Сабақ соңында кері байланыс алынып, оқушылар бағаланып отырды.</p> 	2 ақпан 2026 ж I ауысым, 6-сабақ	Махашева А
12	<p>Алгебра пәні бойынша Ерсултанова Мерекенің 7 «Г» сыныбында «Взаимное расположение графиков линейных алгоритмов» тақырыбында ашық сабағы өткізілді. «Жылы лебіз» арқылы жағымды психологиялық ахуал қалыптастырды. Оқу мақсатын таныстырды. Сабақ басында өткен тақырып бойынша сұрақтар қойып, білімдерін еске түсірді. Жаңа тақырыпты түсіндіру мақсатында бейнематериал көрсетілді. Жасанды интеллект көмегімен дайындалған бейнеролик арқылы «сызықтық функция графиктерінің өзара орналасуы» тақырыбы түсіндірілді. Әр топ өз жұмыстарын қорғады. Жұптық жұмыста оқушылар сызықтық функция құрып, оның графигін талдады. Сабақ барысында жасанды интеллект бейнероликтері және интерактивті платформалар (LearningApps, Wordwall) тиімді қолданылды. Сабақ соңында «Эмоция» әдісі арқылы кері байланыс алынды.</p> 	2 ақпан 2026 ж I ауысым, 4-сабақ	Ерсултанова М

№	Жүргізілген жұмыстар (анықтамасы, фото есебі)	Өткізілу мерзімі	Жауапты орындаушы
---	---	------------------	-------------------

13

Қыпшақбаева Сарсенкүлдің математика пәнінен ашық сабағы

«Миға шабуыл» әдісі арқылы жағымды психологиялық ахуал қалыптастырды. Оқушыларға проблемалық сұрақтар қойылып, сабақ тақырыбы ашылды

Жаңа тақырыпты меңгерту барысында «Түсіндіру – талдау» әдісі қолданылды. Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздік ұғымы қарастырылып, мәндес теңсіздіктердің ерекшеліктері түсіндірілді.

Топтық жұмыста «Постер қорғау» әдісі қолданылып, әр топ өзіне берілген теңсіздіктерді шешіп, шешу жолдарын түсіндірді. Жұптық жұмыста «Ойлан – жұптас – бөліс» әдісі арқылы оқушылар мәндес теңсіздіктерді салыстырып, талдау жасады.

Жеке жұмыста «Деңгейлік тапсырмалар» әдісі қолданылып, оқушылар теңсіздіктерді шешіп, жауаптарын сан аралығы түрінде жазды.

Сабақ барысында «Цифрлық тапсырма» әдісі арқылы интерактивті платформалар қолданылды.

Қалыптастырушы бағалау «Бағдаршам», «Бас бармақ» әдістері арқылы жүргізілді.

5 ақпан
2026 ж
II ауысым,
3-сабақ

Қыпшақбаева
С



«Математика, физика, информатика пәндеріндегі функционалдық сауаттылықты арттырудағы цифрлық технология мен жасанды интеллект» тақырыбындағы математика, физика, информатика апталығының онкүндігінде өткізілген іс-шара қорытынды сандық есебі

Барлық мұғалімдер -14 мұғалім Ашық сабақ өткізген - 13 мұғалім. Сыныптан тыс өткізген - 10 мұғалім Экскурсия мен шеберлік сағатын өткізген – 4 мұғалім

Әлеуметтік желіге жариялануы

<https://www.facebook.com/share/r/1Amhzq8mzu/?mibextid=wwXIfr>

көңілді үзілістер

<https://www.facebook.com/share/r/1AeK5ARUZm/?mibextid=wwXIfr>

сыныптан тыс жұмыстар



<https://www.facebook.com/share/r/1BGAHRpoJS/?mibextid=wwXIfr>

ашық сабақтар

<https://www.facebook.com/share/r/1AVz3UiVV2/?mibextid=wwXIfr>


Шахмат, шеберлік сағаты мен экскурсия

Фотоесеп





Оқушылар жетістіктері (олимпиада, ғылыми жоба)



№	Мұғалім аты-жөні, пәні	Оқушының аты-жөні	Байқау/олимпиада атауы	Кезеңі, орны
1	Усайнова Н	Али Арзу 5 А сынып оқушысы Жарқынбек Н Гажданбек Ж <i>Серікқызы Жанерке</i>	Зерде Алтын сақа Алтын сақа Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі	Қалалық, алғыс хат Қалалық, II орын Қалалық, алғыс хат Қалалық, II-орын
2	Бименова А	Мұханбетқали Жұлдызай 10 А сынып оқушысы	Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі	Қалалық, II-орын
3	Әли М Математика пәні	6А сынып оқушысы Сәуленбек Сұлтан	Зерде	Қалалық, алғыс хат
		6А сынып оқушысы Асқаров Нұрасыл	Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі	Қалалық, II-орын
		6А сынып оқушылары Шанжархан Нұрасыл, Асқаров Нұрасыл	Алтын сақа	Қалалық, I орын және III орын
		6А сынып оқушысы Асқаров Нұрасыл	Облыстық Шаухаманов олимпиадасы	Облыстық, III орын
4	Жұмаш Г Физика пәні	Смағұл Каусар	Зерде	Қалалық, III орын
		Сағит Көркем	Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі	Қалалық, III орын



Оқушылар жетістіктері (олимпиада, ғылыми жоба)

№	Мұғалім аты-жөні, пәні	Оқушының аты-жөні	Байқау/олимпиада атауы	Кезеңі, орны
5	Әшімова Г Информатика пәні	Базарбай Арайлым 7 Ә сынып оқушысы	Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі	Қалалық, III орын
6	Жанабіл М Алгебра пәні	Кәкім Даулет Қаналы Дамир	“Алтын түлек” математикалық олимпиадасы	Қалалық, III орын
7	Қыпшақбаева С Математика пәні	Мұханбетқали Нұрқанат	Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі	Қалалық, II орын
		Сайлау Әділхан	“Алтын сақа” математикалық олимпиадасы	Қалалық, II орын
8	Сыздықова С	Ерболатова Інжу 8 Б сынып оқушысы	Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі	Қалалық, III орын
9	Байманов А	Боданов Нариман 8 Г сынып оқушысы	Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі	Қалалық, II орын

Ұсыныс:

1. Оқушыларға логикалық ойлау қабілеттерін дамыту және пәнге қызығушылығын арттыратындай функционалдық және математикалық сауаттылық тапсырмаларын әр сабақ сайын оқушыларға беру;
2. Мұғалімдер тәжірибе алмасу мақсатында бір-бірінің сабақтарына қатысу және сонымен қатар семинарларға бару;
3. Сабақ барысында ЖИ, платформаларды тиімді және көбірек қолдану;
4. Оқушыларды ҰБТ-ға жүйелі түрде дайындау, тест форматындағы тапсырмалармен тұрақты жұмыс жүргізу және білім олқылықтарын жоюға бағытталған қосымша сабақтар ұйымдастыру.
5. 2026-2027 оқу жылында информатика пәнінен оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес Lego Mindstorms EV3, Lego Spike бағдарламаларын көбірек таныстыру және робототехника жарыстарына қатыстыру.

